

Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына

Сабақ мақсаты: Ата-аналардың отбасы бақыты мен ұрпақтар сабақтастығының негізі ретінде отбасылық құндылықтарға құрмет сезімін қалыптастыру

Міндеттері:

- ✓ Ата-аналарға отбасылық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын түсіндіру;
- ✓ Отбасында жағымды психологиялық ахуал орнатуда отбасылық құндылықтардың әлеуетін ашу;
- ✓ Ата-аналардың отбасында және баламен қарым-қатынаста әлеуметтік қолдау дағдыларын игеруіне ықпал ету.

Ұлттық құндылықтар және тұлғаның жеке қасиеттері:

Ашықтық, құрмет, қонақжайлылық, мейірімділік

Жоспар

I. Ұйымдастырушылық кезең

- Сәлемдесу
- Мақсаты мен міндеттері
- Топтарға бөлу
- Тақырыптың өзектілігі

II. Негізгі кезең

- Бейнеролик. «Отбасындағы тәрбие бастаулары». Талқылау
- Ақпараттық блок
- Топтық жұмыс «Отбасылық құндылықтар қобдишасы»
- Қатысушылардың жеке жұмысы

III. Қорытынды кезең



- Бейнеролик. «Отбасы – адамдағы ең басты құндылық». Талқылау
- Рефлексия
- Қорытындылау

Күтілетін нәтижелер:

- ата-аналардың отбасылық құндылықтарға қызығушылығы артады;
- ата-аналар бақытты отбасын құрудағы отбасылық құндылықтардың мәні мен рөлін ұғынады
- ата-аналар бала тәрбиесінде отбасылық құндылықтарды, отбасындағы және балалармен қарым-қатынаста әлеуметтік қолдау дағдыларын қолданады.

Сабақтың ұзақтығы – 60 мин.

Уақыты	Мазмұны	Ресурстар
5 минут	Қайырлы күн, ата-аналар! Бүгінгі тақырыбымыз отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтарға арналады. Бүгінгі сабағымыз сіздерге жарқын естеліктер мен жағымды эмоциялар сыйлайды деп ойлаймын.	
3-5 минут талқылауға	Бүгін біз сіздермен отбасылық құндылықтардың маңызы және бала бойында отбасылық құндылықтарды қалай қалыптастыру керек деген мәселелерді	

<p>беріледі. Талқылаудан кейін спикер қорытынды шығарады.</p>	<p>қозғаймыз. Сонымен қатар, бақыт пен ашықтыққа құрылған, бала өзін ең басты құндылық сезінетін отбасын қалай құру керек туралы кеңестермен бөлісетін боламыз.</p>					
	<p>Сабақтың қызықты өтуі үшін, топтарға бөлінуге кеңес беремін.</p> <p>Тақырыптың өзектілігі</p> <p>Психологиялық әдебиеттерде жасөспірімдік кезеңге ерекше мән беру керектігі ескертіледі. Осы шақта бала ересек өмірге қадам баса бастайды.</p> <p>Бұл кезеңде жасөспірім бойында тұлғалық өзгерістер болып, дамудың барлық кезеңдерін қамтиды. Анатомиялық-физиологиялық даму нәтижесінде жасөспірімде психологиялық кризис пайда болады. Баланың жауапкершілігі және өзіндік «Мені» қалыптасады. Жасөспірім бұл уақытта не бала, не ересек қатарында болмайды. Осы кезең – ата-ана үшін және жасөспірім үшін де қиын кезең.</p> <p>Сол себепті осы кезеңде бала тәрбиесіне ерекше ден қою керек. Жасөспірімдер өте сезімтал келеді және осы кезеңде олар жағымды психологиялық ахуал қалыптасқан отбасында тәрбиеленуі қажет. Бұл тұрғыда отбасылық құндылықтардың рөлі ерекше. Балалардың дүниетанымын қалыптастыруға ықпал ететін осы отбасылық құндылықтар.</p> <p>Талқылау сұрақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Отбасы», «отбасылық құндылықтар» туралы айтқанда сіздің есіңізге не түседі? • Сіз үшін бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтар қандай? • Бала тәрбиесіндегі кедергілерді еңсеруде отбасылық құндылықтардың рөлі қандай? 	<p>https://randomus.ru/split</p>  <p>* Спикер сабаққа қатысушыларды платформа арқылы төрт топқа бөледі. Қажет болса, спикер топтарға бөлудің басқа әдістерін де қолданады.</p>				
<p>10 минут</p>	<p>Назарларыңызды экранға аударыңыздар. Сіздерге «Отбасындағы тәрбие бастаулары» атты бейнероликті ұсынамын. Содан кейін талқылау сұрақтарына жауап береміз.</p> <p>Талқылау жаттығуы.</p> <p>Бейнероликте отбасы тәрбиесіне байланысты екі эпизод берілген. Сіздерге екі топқа бөлінуді ұсынамын және эпизодтағы кейіпкерлердің орнына өздеріңізді қойып, сұрақтарға жауап беріп көріңіздерші.</p> <table border="1" data-bbox="531 1912 1099 2024"> <tr> <td style="background-color: red; color: white;">1-эпизод</td> <td style="background-color: blue; color: white;">2-эпизод</td> </tr> <tr> <td style="background-color: red; color: white;">• Сіз бұл видеодан</td> <td style="background-color: blue; color: white;">• Сіз бұл видеодан</td> </tr> </table>	1-эпизод	2-эпизод	• Сіз бұл видеодан	• Сіз бұл видеодан	<p>https://www.youtube.com/watch?v=bSN4Sg2Tg7E&t=1s</p>  <p>Талқылау жаттығуына 5-7 минут беріледі</p>
1-эпизод	2-эпизод					
• Сіз бұл видеодан	• Сіз бұл видеодан					

		<p>қандай әсер алдыңыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> Сіз бейнероликтен қандай отбасылық құндылықтарды анықтадыңыз? Сізге қандай отбасылық құндылықтар маңызды? Отбасы бақытының негізі не? 	<p>қандай әсер алдыңыз?</p> <ul style="list-style-type: none"> Сіз бейнероликтен қандай отбасылық құндылықтарды анықтадыңыз? Сізге қандай отбасылық құндылықтар маңызды? Отбасы бақытының негізі не? 	
2 минут	<p>Ақпараттық блок</p> <p>Қазіргі әлемде адам түрлі сынақтар мен қиындықтардан өтеді. Ол қиындықтар мен кедергілерді адам жалғыз еңсере алмайтыны анық. Ал адам үшін отбасы – қолдау мен көмек көрсететін, дем алып және күш жинайтын қасиетті мекен. Отбасы – адам өмірінің іргетасы.</p> <p>Отбасылық өмірдің басты құндылығы – бұл отбасы мүшелерінің бағалайтын, ардақ тұтатын және қызығушылықтарының тоғысатын жері. Дегенмен, біз отбасын бөлек құндылық ретінде де тани аламыз. Дегенмен, қоғам өзгеріп, қоғамдағы өзгерістер отбасылық құндылықтардың маңыздылығына өз ықпалын тигізіп жатыр.</p> <p>Отбасылық құндылықтар – түрлі жарқын сәттер мен жағымды естеліктерден тұратын үйдің өзіндік атмосферасы. Көз алдыңызға елестетіңізші, кешкі уақытта жұбайыңыз және балаларыңызбен дастархан басында күннің қалай қызықты өткендігі туралы, балалардың мектептегі жетістіктері туралы әңгімелері, жақында келе жатқан демалыс күнін қалай өткізетіндеріңізді талқылау, балалардың күлкісі және қуанышы.</p> <p>Отбасылық құндылықтарды қалыптастыру – шығармашылықты қажет ететін ұзақ процесс. Бұл ата-аналардың отбасынан алған ең басты және ең үздік тәжірибелерін өз отбасына көшіруі: отбасындағы достық қарым-қатынас, құрмет пен сенім, өз ісіне деген жауапкершілік, кешіре білу, мейірім мен қамқорлық, махаббат пен шыдамдылық.</p> <p>Отбасылық құндылықтар жасөспірімнің іс-әрекетінде, мінезінде және қызметінде көрініс табады.</p>			

18 минут	<p>Топтық жұмыс <i>«Отбасылық құндылықтар қобдишасы»</i> <i>Әр топқа жекелеген мәселе бойынша жағдаят беріледі. Әр мәселелі жағдай белгілі бір отбасылық құндылықтарға бағытталған. Мәселелі жағдайларды шеше отырып, келесі сұрақтарға жауап беріп көріңіздер:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Осы құндылықты бала бойында қалыптастыруда ата-ананың рөлі қандай?</i> • <i>Бала бойында осы құндылықтарды қалыптастыру қаншалықты маңызды?</i> • <i>Осы құндылықтар баланың жеке тұлға ретінде дамуына әсер етеді деп ойлайсыз ба?</i> • <i>Сіз отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтар деген пікірмен келісесіз бе?</i> 	<p>Аудиосүйемелдеу https://www.youtube.com/watch?v=4mvE9b7D_1c Әр топ жеке тапсырма алады. Тапсырманы орындау үшін топқа 5 минут беріледі. Тапсырманы қорғау үшін әр топқа 3 минут беріледі.</p>				
	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="427 1688 496 1704">№</th> <th data-bbox="496 1688 1177 1704">Мәселелі жағдай</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="427 1704 496 1695">№1 - ТОП</td> <td data-bbox="496 1704 1177 1695"> <p>Әмір киберспортпен шұғылданады және компьютермен әуестенеді, IT-технологиялар туралы журналдар мен оқулықтарды көп оқиды. Әмірдің аналитикалық және логикалық қабілеттері жақсы дамыған. Мұғалім Әмірдің ата-анасына оны IT мектепке беру туралы ұсыныс айтты. Дегенмен ата-анасы Әмірді спорт секциясына беруді қалайды. Ата-анасының ойынша, киберспорт*, IT және компьютермен әуестену уақытша нәрсе ғана. Әмір ер жеткенде, басқа да қызығушылықтарды тауып алады.</p> <p>Мектепте Әмірдің достары аз және ол сүйікті ісімен шұғылданып жатқанда өзінің қатарластарымен жиі жанжалдасады. Кейде Әмір өзін ешкім түсінбейтіндей, ешкім естімейтіндей сезінеді. Ол тұйықтау, әркез өзімен өзі жүреді.</p> <p><i>*Киберспорт – компьютерлік ойындарға негізделген командалық немесе жеке жарыс.</i></p> <p>Құндылық: Ашықтық Бағдар: <i>Заманауи отбасы жабықтықтан ашықтыққа...</i></p> </td> </tr> </tbody> </table>	№	Мәселелі жағдай	№1 - ТОП	<p>Әмір киберспортпен шұғылданады және компьютермен әуестенеді, IT-технологиялар туралы журналдар мен оқулықтарды көп оқиды. Әмірдің аналитикалық және логикалық қабілеттері жақсы дамыған. Мұғалім Әмірдің ата-анасына оны IT мектепке беру туралы ұсыныс айтты. Дегенмен ата-анасы Әмірді спорт секциясына беруді қалайды. Ата-анасының ойынша, киберспорт*, IT және компьютермен әуестену уақытша нәрсе ғана. Әмір ер жеткенде, басқа да қызығушылықтарды тауып алады.</p> <p>Мектепте Әмірдің достары аз және ол сүйікті ісімен шұғылданып жатқанда өзінің қатарластарымен жиі жанжалдасады. Кейде Әмір өзін ешкім түсінбейтіндей, ешкім естімейтіндей сезінеді. Ол тұйықтау, әркез өзімен өзі жүреді.</p> <p><i>*Киберспорт – компьютерлік ойындарға негізделген командалық немесе жеке жарыс.</i></p> <p>Құндылық: Ашықтық Бағдар: <i>Заманауи отбасы жабықтықтан ашықтыққа...</i></p>	
№	Мәселелі жағдай					
№1 - ТОП	<p>Әмір киберспортпен шұғылданады және компьютермен әуестенеді, IT-технологиялар туралы журналдар мен оқулықтарды көп оқиды. Әмірдің аналитикалық және логикалық қабілеттері жақсы дамыған. Мұғалім Әмірдің ата-анасына оны IT мектепке беру туралы ұсыныс айтты. Дегенмен ата-анасы Әмірді спорт секциясына беруді қалайды. Ата-анасының ойынша, киберспорт*, IT және компьютермен әуестену уақытша нәрсе ғана. Әмір ер жеткенде, басқа да қызығушылықтарды тауып алады.</p> <p>Мектепте Әмірдің достары аз және ол сүйікті ісімен шұғылданып жатқанда өзінің қатарластарымен жиі жанжалдасады. Кейде Әмір өзін ешкім түсінбейтіндей, ешкім естімейтіндей сезінеді. Ол тұйықтау, әркез өзімен өзі жүреді.</p> <p><i>*Киберспорт – компьютерлік ойындарға негізделген командалық немесе жеке жарыс.</i></p> <p>Құндылық: Ашықтық Бағдар: <i>Заманауи отбасы жабықтықтан ашықтыққа...</i></p>					

	№2 - ТОП	<p>Бүгін ауылдан Әлібектің атасы мен әжесі қонаққа келді. Анасы Әлібекті, атасы мен әжесін дастарханға шақырды. Әлібек дастарханға отыра сала тамағын асығыс жей бастады. Атасы мен әжесінің дастарханға отырғанда алдымен дастарханнан үлкен адам дәм татуы керек деген ақылын анасы да, Әлібек те назарына алмады. Анасының айтуынша, бұл дәстүр қазіргі заманда өзінің өзектілігін жоғатқан...</p> <p>Құндылық: құрмет Отбасындағы өзара құрметтің маңызы.</p> <p>Бағдар: Балаға берілетін бірінші тәрбие ата – анасын, туған – туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды.</p> <p>Ы. Алтынсарин</p>		
--	----------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--

	№3- ТОП	<p>Бүгін Жанар мен Әлихан сабақтан түс қайта оралды. Балалар ас үйден шығып жатқан тағамның иісіне қуанып, ас үйге барды. Балаларға ата-анасы киімдерін ауыстырып, өздеріне көмектесуін сұрады.</p> <p>Дегенмен, балалар қонақтардың келетініне қуанған жоқ, себебі олар шулайды, ал олар кеткен соң, үйді жинау қажет...</p> <p>Оның үстіне Әлихан мен Жанар бүгін атақты блогердің стриміне қосылуы қажет.</p> <p>*Стрим — интернет сервистеріндегі тікелей эфир, мысалы Twitch не YouTube.</p> <p>Құндылық: қонақжайлық Қонақжайлық – отбасылық құндылықтардың негізі.</p> <p><i>Халқымыз балаларды жастайынан қонақжайлыққа тәрбиелейді. Өйткені халық дәстүрі бойынша қонақасы берілген соң, қонақтан әңгіме сұрайды, өнері болса ән салғызып, күй тартқызады, ертегі, қиссалар айтқызады. Қонақ әңгімесіне балалар әрқашан құмар болады. «Адам болар бала қонаққа үйір» деп халық тегін айтпаған. Өйткені әр қонақтан естіген жаңалықтарын есінде сақтай білген жастың өмірді білуі, түсінуі кеңейіп, дүниеге көзқарасы қалыптасады. Көптеген нақыл сөздерді, пайдалы кеңестерді үйренумен бірге, жаманшылықтан жиренуге ден қояды.</i></p> <p><i>Халық даналығы</i></p>		
	№4 ГРУППА	<p>Бүгін Ілияс сабақтан ерте келді. Сабақтан неге ерте келгенін сұраған анасына Ілияс сыныптастарының еріктілердің клубына баратынын ескертті. Ілиястың сыныптастары бүгін еріктілер клубының атынан қарт ісілерге көмектесуге барған екен. Ілияс еріктілер клубының мүшесі емес, оның ойынша әр адам өз жұмысын өзі жасауы қажет, адамдарға көмектесу – жаі ғана өзіңнің алтын уақытыңды босқа құрту.</p>		

5 минут

Қатысушылардың жеке жұмысы. Ақ қағазға өз үйіңізді құрастырыңыз.

Үйдің әр бөлігі белгілі бір сұрақтардан тұрады және сұрақтар сіздің отбасыңызға байланысты. Сіздерге ұсынылған үйдің суретінде сұрақтарыңызға жауап жазыңыз. Сұрақтар:

- *Өміріңізде жарқын эмоциялар сыйлаған оқиғаларды еске түсіріп көресіз бе?*
- *Үйге шаршап келгеніңізде, есіктен кірген сәтте сізге үйіңіз жылулық сыйлай ма және отбасы мүшелерінің қолдауын сезінесіз бе?*
- *Бойыңызда қандай кемшіліктер бар және сізді отбасыңыз осы кемшіліктерге қарамастан жақсы көре ме?*
- *Отбасыңызда болған қайғылы оқиғаны не күрделі мәселені, дау-дамайды есіңізге түсіріңізші. Осы сынақты отбасыңыз қалай жеңді?*
- *Отбасыңыздың мықты жақтары...*
- *Отбасыңыздың әлсіз жақтары...*

Сұрақтарға жауап бердіңіздер. Сұрақтарға жауап беру барысында, өміріңіздегі жарқын эмоцияларға толы сәттерде көп жағдайда сіздің қасыңызда отбасыңыз болды. Келісесіздер ме? Үйге шаршап келгеніңізде отбасыңыздың жылулығын сезесіз... Сізді отбасыңыз ешқандай кемшіліктеріңізге қарамастан қабылдайды. Ал сіз отбасыңызбен бірге қаншама қиындықтар мен ауыр сынақтарды жеңіп шықтыңыз...Сондай-ақ, сіз отбасыңыздың мықты жақтары мен әлсіз тұстарын көрсеттіңіз. Мен отбасыңыздың мықты тұстарының көп екеніне сенімдімін. Ал әлсіз тұстарыңыз көп болса, сізге отбасыңызбен көп уақыт өткізу керек. Енді сіздің отбасыңызды мықты, басқаларға үлгілі, бақытты және мәнді ететін қандай отбасылық құндылықтар? Сол құндылықтарды үйдің іргетасына жазып, көрсетейік.

Қорытынды кезең


Құрметті ата-аналар! Назарларыңызға бүгінгі сабақты қорытындылайтын бейнероликті ұсынғым келеді. Назарларыңызды экранға аударуларыңызды сұраймын.

Бейнероликті тамашалап болған соң:

Бүгінгі сабақ сіздер үшін құнды болды деп ойлаймын. Сіздер, ата-ана ретінде, әр баланың бақытты болуын тілейсіздер. Ал бала бақыты – отбасы бақыты. Отбасы бақытының негізі – отбасылық құндылықтар.

Сабағымыздың қорытындысы ретінде сіздерге мына сұрақты қойғым келеді:

Сіз үшін ең басты құндылық не?



Ұсынылатын отбасылық құндылықтарының тізімі:
Отбасының әрбір мүшесіне құрмет, қамқорлық, отбасылық демалыс, қаржылық қамтамасыз ету, денсаулық, сүйіспеншілік, өзара түсіністік, ортақ мақсаттар, отбасылық дәстүрлер, ортақ хобби, ұрпақтар арасындағы байланыс, бірлескен демалыс, мерекелер, балалар, бірлескен іс-шаралар, спорт, бірлескен саяхат, шығармашылықты қолдау, абырой, бақыт сезімі, ұжымдық жұмыс, адалдық, сенім.

5 минут

<https://www.youtube.com/watch?v=FXD4KpY8yt4>

